



2026 жылғы 30 маусымда аяқталған екінші тоқсан мен алты айдың нәтижелері

Халықаралық маршруттық желінің кеңеюі тұрақты өсімді қамтамасыз етуде, ал қозғалтқыштарға қатысты жағдай бетбұрыс кезеңіне өтіп, шығындарға қысымды төмендетуге мүмкіндік беруде.

Алматы, Қазақстан – Air Astana АҚ («Компания» және өзінің FlyArystan еншілес әуе компаниясымен бірге – «Топ»), табыс көлемі мен әуе паркінің саны бойынша Орталық Азия мен Кавказдағы жетекші авиациялық топ, 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған екінші тоқсан мен алты айдың қаржылық нәтижелерін жариялайды.

Air Astana-ның бас атқарушы директоры Ибрахим Жанлыел:

“2026 жылдың екінші тоқсанында Топтың негізгі қызметтен түскен табысы айтарлықтай өсіп, түсім мен өзге де кірістер 18,3%-ға артты. Бұл нәтижеге өткізу сыйымдылығының жалпы көлемі айтарлықтай өзгермегенімен, тиімді тарифтік саясаттың және Air Astana-ның халықаралық бағыттарға сыйымдылықты икемді қайта бөлудің арқасында қол жеткізілді. Нәтижесінде RASK көрсеткіші 18,5%-ға өсті.

Екінші тоқсанда бірлік шығындардың өсуі бірлік табыстың өсуінен жоғары болды. Бұған халықаралық әуежайлардағы авиациялық отын бағасының жоғары деңгейде сақталуы, теңгенің күшеюі, сондай-ақ Pratt&Whitney қозғалтқыштарына қатысты мәселелерге байланысты шығындардың өткізу сыйымдылығының іс жүзінде өзгермеген көлеміне бөлінуі әсер етті. Сонымен қатар Pratt&Whitney бағдарламасы бойынша жағдайдың айтарлықтай жақсарғаны байқалады: қазіргі уақытта пайдаланудан уақытша шығарылған әуе кемелерінің саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 60%-ға азайды, ал 2027 жылдың жазына қарай мұндай жағдайлар толықтай жойылады деп күтілуде.

Парсы шығанағындағы жағдай екінші тоқсан бойы құбылмалы болып, рейстер кестесі мен өткізу сыйымдылығына жедел түзетулер енгізуді және ахуалды тұрақты бақылауды талап етті. Маршруттық желіміздің икемділігі әуе кемелерін сұранысы жоғары балама нарықтарға жедел қайта бағыттауға мүмкіндік берді және «жаңа норма» бизнес-моделіміздің бейімделгіштігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Операциялық сын-қатерлерге жауап беріп отырып, біз екі бренд бойынша да сыйымдылықты халықаралық жоғары өсім көрсетіп отырған нарықтарға қайта бөлу арқылы ұзақ мерзімді маршруттық даму стратегиясын іске асыруды жалғастырдық. Халықаралық кеңеюдің ең үлкен бағыты – Қытай. Бірінші тоқсанда Шанхай бағыты іске қосылғаннан кейін біз Гуанчжоу, Үрімжі және Сиань қалаларына қосымша рейстерді қостық. Жыл сайынғы салыстырмалы түрде Қытайға жазғы қуатымызды екі есеге жуық арттырып, жыл соңына қарай Қытайдың тоғыз қаласына аптасына 51 рейске дейін ұлғайтамыз. Сонымен қатар Үндістанға, Еуропаға, Оңтүстік-Шығыс Азияға, Орталық Азия мен Кавказға байланысты кеңейтіп, сапар мүмкіндіктерін кеңейтіп, Алматы мен Астана арқылы транзит ағындарын нығайттық. Осы бастамалардың барлығы Топтың халықаралық аясын кеңейтіп, Қазақстанның өңірлік авиациялық хаб ретіндегі рөлін нығайтуға ықпал етеді.”

Екінші тоқсанның негізгі қорытындылары

Түсімнің өсуі өткізу сыйымдылығы мен жолаушылар ағынының жалпы алғанда тұрақты деңгейде сақталуына қарамастан жалғасты.

- Түсім мен өзге де кірістер 18,3%-ға өсіп, 433,0 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 365,8 млн АҚШ доллары).
- ASK көрсеткіші 0,2%-ға төмендеп, 5,56 млрд болды (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 5,57 млрд).

- RPK көрсеткіші 0,4%-ға төмендеп, 4,54 млрд болды (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 4,56 млрд).
- Тоқсан қорытындысы бойынша RASK пен CASK арасындағы айырма оң деңгейде қалыптасты:
 - RASK 18,5%-ға өсіп, 7,78 АҚШ центін құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 6,57 АҚШ центі).
 - CASK 24,3%-ға өсіп, 7,29 АҚШ центіне жетті (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 5,87 АҚШ центі).
- EBITDAR 3,7%-ға төмендеп, 93,6 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 97,1 млн АҚШ доллары). EBITDAR маржасы 4,9 пайыздық тармаққа төмендеп, 21,6%-ды құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 26,5%).
- Таза табыс (PAT) - 0,1 млн АҚШ доллары көлемінде теріс мәнді көрсетті (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 18,0 млн АҚШ доллары).
- Топ 2,45 млн жолаушы тасымалдады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7%-ға төмен (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 2,49 млн). Орташа жүктеме коэффициенті 81,6% деңгейінде сақталды (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 81,9%).

Бірінші жартыжылдықтың негізгі қорытындылары

Бірінші жартыжылдықта түсім мен жолаушылар санының өсуі жалғасты, алайда жоғары шығындар тиімділікке әсер етті.

- Түсім мен өзге де кірістер 16,1%-ға өсіп, 763,9 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың алғашқы алты айы: 658,2 млн АҚШ доллары).
- ASK 0,2%-ға өсіп, 10,3 млрд болды (2025 жылдың алғашқы алты айы: 10,3 млрд).
- RPK 1,1%-ға өсіп, 8,5 млрд болды (2025 жылдың алғашқы алты айы: 8,4 млрд).
- CASK өсімінің қарқыны RASK өсімінен жоғары болды:
 - RASK 15,8%-ға өсіп, 7,43 АҚШ центін құрады (2025 жылдың алғашқы алты айы: 6,41 АҚШ центі).
 - CASK 22,2%-ға өсіп, 7,30 АҚШ центіне жетті (2025 жылдың алғашқы алты айы: 5,97 АҚШ центі).
- EBITDAR 9,7%-ға төмендеп, 141,7 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың алғашқы алты айы: 157,0 млн АҚШ доллары). EBITDAR маржасы 5,3 пайыздық тармаққа төмендеп, 18,6%-ды құрады (2025 жылдың алғашқы алты айы: 23,9%).
- PAT - 21,2 млн АҚШ доллары көлемінде теріс болды (2025 жылдың алғашқы алты айы: 10,7 млн АҚШ доллары).
- Топ 4,4 млн жолаушы тасымалдады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай тұрақты деңгейде сақталды (2025 жылдың алғашқы алты айы: 4,5 млн). Орташа жүктеме коэффициенті 82,4%-ға дейін жақсарды (2025 жылдың алғашқы алты айы: 81,7%).

Болжам

Өсу үшін қолайлы нарықтық жағдай сақталып отыр, ал жалғасып жатқан қақтығыстарға байланысты маршруттық желіні бейімдеу жөніндегі қабылданып жатқан шаралар тұрақты жоғары өсу қарқынын қамтамасыз етуде. Бұл өңірдегі ұзақ мерзімді қолайлы нарықтық үрдістердің әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді деп күтілуде. Дегенмен, қысқа мерзімді кезеңде инфляциялық шығындар қысымының сақталуы күтіледі, бұл түсімнің өсу қарқынын ішінара тежейтін болады. Халықаралық бағыттарды кеңейтуге негізделген орта мерзімді даму стратегиямыз жоспарға сәйкес жүзеге асырылып келеді және орта мерзімді қаржылық бағдарларымызға деген сенімді нығайтады:

- Маржаны сақтап қалу және инфляциялық шығындар қысымын төмендету мақсатында өткізу сыйымдылығын қайта бөлу, сонымен қатар жүктеме коэффициентін 80%-дың төменгі және орта деңгейінде сақтау.
- 2030 жылдың соңына қарай әуе паркінің санын 86 әуе кемесіне дейін ұлғайту.
- Орта мерзімді кезеңде EBITDAR маржасын 20%-дың орта және жоғары деңгейіне дейін арттыру, өтімділік коэффициентін 25%-дан жоғары және Net Debt/EBITDAR арақатынасын 3,0 еседен төмен деңгейде сақтау.

Қаржылық нәтижелерге шолу

Қаржылық және операциялық шолу	2т-26	2т-25	жылдық өзгерім	1жж-26	1жж-25	жылдық өзгерім
Жолаушылар (млн)	2,45	2,49	-1,7%	4,39	4,50	-2,4%
Әуе кемелер (кезеңнің соңы - әуепарк)	63	61	3,3%	63	61	3,3%
Жүктеме коэффициенті (%)	81,6	81,9	-0,2пт	82,4	81,7	0,7пт
Пайда мен басқа табыстар (млн АҚШ долл)	433,0	365,8	18,3%	763,9	658,2	16,1%
EBITDAR (млн АҚШ долл)	93,6	97,1	-3,7%	141,7	157,0	-9,7%
EBITDAR маржасы (%)	21,6%	26,5%	-4,9пт	18,6%	23,9%	-5,3пт
PAT (млн АҚШ долл)	-0,1	18,1	-100,5%	-21,2	10,7	-298,5%
ASK (млрд)	5,6	5,6	-0,2%	10,3	10,3	0,2%
RPK (млрд)	4,5	4,6	-0,4%	8,5	8,4	1,1%
RASK (АҚШ центі)	7,78	6,57	18,5%	7,43	6,41	15,8%
CASK (АҚШ центі)	7,29	5,87	24,3%	7,30	5,97	22,2%
Ақша қаражаты мен банк баланстары (млн АҚШ долл)	481,5	531,6	-9,4%	481,5	531,6	-9,4%
Таза қарыз/EBITDAR (%)	2,1	1,3	0,7	2,1	1,3	0,7
Қолма қол ақша/сатылым (%)	30,9%	38,5%	-7,6пт	30,9%	38,5%	-7,6пт

Қаржылық жаңартпа

2026 жылдың екінші тоқсанында Топ түсімнің жоғары өсімін көрсетті: түсім мен өзге де кірістер 18,3%-ға артып, 433,0 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 365,8 млн АҚШ доллары). Бұл нәтиже Топтың өткізу сыйымдылығы іс жүзінде өзгеріссіз қалып, ASK көрсеткіші небәрі 0,2%-ға төмендеп, 5,6 млрд болған жағдайда қол жеткізілді. Түсімнің өсуіне Air Astana-ның өткізу сыйымдылығын маржасы жоғары халықаралық бағыттарға жоспарлы түрде қайта бөлуі ықпал етті. Шығындар қысымының сақталуына байланысты EBITDAR 3,7%-ға төмендеп, 93,6 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 97,1 млн АҚШ доллары), ал EBITDAR маржасы 4,9 пт төмендеп, 21,6%-ды құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 26,5%).

2026 жылдың бірінші тоқсанында қалыптасқан тасымалдау үрдісі екінші тоқсанда да жалғасты: халықаралық бағыттардағы өткізу сыйымдылығы (RPK бойынша) 5,5%-ға артса, ішкі бағыттарда 7,2%-ға төмендеді. Бұл өзгеріс Топтың өткізу сыйымдылығын табыстылығы жоғары халықаралық бағыттарға кезең-кезеңімен қайта бөлу стратегиясына және ұзақ мерзімді өсу жоспарларына сәйкес келеді.

2026 жылдың екінші тоқсанында RASK 18,5%-ға өсіп, 7,78 АҚШ центін құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 6,57 АҚШ центі). Бұл екі тоқсан алдында басталған бірлік табыстың қалпына келу үрдісіні күшейтті. Өсімге негізінен өткізу сыйымдылығын жоспарлы түрде қайта бөлуі және екі бренд бойынша да халықаралық жолаушылар ағынының артуы ықпал етті. FlyArystan халықаралық өсімге 21,4% жеке RASK өсімімен елеулі үлес қосты. Алайда бірлік табысының өсуі бірлік шығындарының жылдамырақ өсуін өтеуге жеткіліксіз болды. CASK 2026 жылдың екінші тоқсанында 24,3%-ға өсіп, 7,29 АҚШ центіне жетті (2025 жылдың екінші тоқсаны: 5,87 АҚШ центі). Шығындардың өсуіне бірнеше фактор әсер етті, оның ішінде халықаралық әуежайларда авиациялық отынның орташа бағасының өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 98%-ға қымбаттауы, теңгенің АҚШ долларына қатысты 7%-ға нығаюы, сондай-ақ персоналға жұмсалатын шығындардың, әуе кемелерін иелену шығындарының, инженерлік-техникалық қызмет көрсету шығындарының, оның ішінде Pratt & Whitney қозғалтқыштарына қатысты мәселелерге байланысты еңбек шығындарының артуы. Нәтижесінде екінші тоқсанда CASK өсімінің қарқыны RASK өсімінен 5,8 пайыздық тармаққа жоғары болды, ал RASK пен CASK арасындағы айырма 0,49 АҚШ центіне дейін қысқарды.

Топтың шығындар құрылымы өндірістік көлемнің қалпына келуін және операциялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Алайда екінші тоқсанда нақты өткізу сыйымдылығы шектеулі деңгейде сақталғандықтан, персоналға, әуе кемелерін иеленуге, техникалық қызмет көрсетуге және

әуе қозғалысына байланысты жоғары шығындар бірқалыпты ASK көлеміне бөлінді. Бұл бірлік шығындардың артуына және маржаға деген қысымның күшеюіне алып келді.

Pratt & Whitney қозғалтқыштарына қатысты мәселелерге байланысты шығындар компанияның табыстылығына елеулі теріс әсер етуді жалғастырды. Дегенмен өндірістік көрсеткіштер мен шығындарды жақсарту жөніндегі келіссөздер нәтижелі болып, біз екеуінде де жақын арада айтарлықтай жақсарту күтеміз. Ең бастысы, 2026 жылдың жазында бұрынғы болжамға қарағанда 60% аз ұшақ тоқтатылып, бізге қолжетімді қуаттылық деңгейі жоғарырақ болады. Сонымен қатар, біз енді 2027 қаржылық жылында ұшақ тоқтатулар нөлге тең болады деп күтеміз.

Екінші тоқсанда біз сондай-ақ Алматы мен Астана әуежайларымен келіссөздерді сәтті аяқтап, орта мерзімде хабтарымыздағы әуе қозғалысы шығындарының көрінісін жақсарттық.

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың өтімділік деңгейі жоғары болып сақталды. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының көлемі 481,5 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 531,6 млн АҚШ доллары), ал қолжетімді кредиттік желілерді есепке алмағанда, ақша қаражатының түсімге арақатынасы 30,9%-ды құрады (2025 жылғы 2-ші тоқсан: 38,5%). Net Debt/EBITDAR арақатынасы 2,1 есені құрады, ал 2025 жылғы 2-ші тоқсанында бұл көрсеткіш 1,3 есе болған. Аталған көрсеткіштер орта мерзімді мақсатты бағдарлар шегінде сақталып отыр. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғандағы өзгерістер негізінен операциялық қызметтен түсетін ақша ағынының төмендеуімен және әуе паркін кеңейтуге бағытталған инвестициялардың жалғасуымен байланысты. Ақша қаражаты көлемінің азайғанына қарамастан, Топ жоғары өтімділік деңгейін және қаржылық тұрақтылығын сақтап отыр.

Операциялық қызметке шолу

Топтың техникалық қызмет көрсету және жөндеу, сондай-ақ оқыту бойынша ішкі мүмкіндіктері операциялық тиімділікті қолдауды жалғастыруда. Бұл техникалық қызмет көрсету мен оқыту процестерін тиімдірек басқаруға, сондай-ақ техникалық және операциялық қажеттіліктерге икемді ден қоюға мүмкіндік береді.

Топ ауыр техникалық қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейту аясында қосымша ангарлар салу жобасын жоспарлауды жалғастыруда. Топтың Астанадағы Ұшуға даярлау орталығында EASA сертификатынан өткен екінші A320 толық пилотажды ұшу тренажері бар көлемде пайдалануға берілді.

Жылдың алғашқы жартысында Air Astana клиенттік тәжірибені жақсартуға, операциялық тиімділікті арттыруға және технологиялық жаңғыртуға басымдық бере отырып, цифрлық трансформация бағдарламасын қарқынды түрде жалғастырды. Осы кезеңдегі үлкен жетістіктің бірі – жасанды интеллект негізіндегі жолаушылармен байланыс платформасының сәтті іске қосылуы болды. Қазіргі уақытта оның функционалдық мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтуге инвестициялар жалғасуда. Сонымен қатар әуежайдағы операциялық қызмет пен қызметкерлерге арналған жаңа цифрлық шешімдер енгізілді. Компания сондай-ақ икемділікті, өзара ынтымақтастықты және жүйелердің ауқымдылығын арттыру мақсатында бұлтты технологияларды қолдану аясын кеңейтуді жалғастыруда.

2026 жылдың екінші тоқсанында Air Astana жолаушыларға қызмет көрсетуді жекелендіру мен брондау үдерісінің қолайлылығын арттыру мақсатында өзінің тікелей цифрлық арналарының мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтіп, веб-сайт пен мобильді қосымшаға жаңа функцияларды енгізді. Әуекомпания MyTrips сервисін іске қосты. Ол арқылы Nomad Club бағдарламасының қатысушылары тікелей сатып алынған билеттерді автоматты түрде сақтап, алдағы сапарлар туралы ақпаратты бір жерде көріп, басқа бағыттар бойынша сапарларын да қоса алады. Компания Customer Database Platform (CDP) жаңа платформасы негізінде алғашқы коммуникациялық науқанын жүзеге асырды. Бұл алдағы уақытта жолаушылармен өзара байланысты барынша жекелендіруге және цифрлық сервистерді одан әрі дамытуға негіз қалайды. Аталған жаңартулар тікелей цифрлық арналардың одан әрі өсуіне ықпал етті. Маусым айында мобильді қосымшаның ай сайынғы белсенді пайдаланушыларының саны рекордтық 149 мың адамға жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18%-ға артты.

Сонымен қатар Air Astana пайдаланатын авиациялық отынның шамамен 80%-ын Қазақстан аумағында құяды. Компания отынды негізінен мұнай өңдеу зауыттарынан тікелей сатып алып, оны тасымалдауды қоса алғанда, барлық логистикалық процестерді дербес басқарады. Парсы

шығанағындағы қақтығысқа қарамастан, осы арна арқылы жеткізілетін отынның бағасы да, жеткізілімі де тұрақты деңгейде сақталды. Халықаралық әуежайларда құйылатын (шамамен 20%) отын көлемінің шамамен 25%-ы екінші тоқсанда хеджирленді. Есепті кезеңде Топ Қазақстанда да, халықаралық бағыттарда да авиациялық отынмен қамтамасыз етуге қатысты қандай да бір іркілістерге тап болған жоқ.

Жолаушылар ағыны және маршруттық желінің кеңеюі

2026 жылдың екінші тоқсанында Топтың өткізу сыйымдылығын икемді басқару моделі халықаралық бағыттардағы маршруттық желіні кеңейтуге және қайта теңгеруге мүмкіндік берді. Бұған екі бренд бойынша жаңа бағыттардың ашылуы мен қолданыстағы рейстер жиілігінің артуы ықпал етті. 2026 жылғы жазғы маусымда Топтың кестесіне аптасына шамамен 330 халықаралық рейс енгізілген (соның ішінде 102 рейс Орталық Азия мен Кавказ елдеріне орындалады). Сонымен қатар Қазақстан бойынша аптасына 500-ден астам ішкі рейс жүзеге асырылады. Маршруттық желінің осылайша кеңеюі және рейстердің тұрақты орындалуы әуебайланысты күшейтіп, транзиттік жолаушылар ағынын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Қытай халықаралық маршруттық желіні кеңейтудің негізгі бағыты болды. Топ жеті бағыт бойынша (жыл соңына қарай олардың саны тоғызға жетеді) аптасына 51 рейске дейін орындайды, ал жазғы маусымдағы өткізу сыйымдылығы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 81%-ға артты. Екінші тоқсанда Air Astana Астана-Гуанчжоу бағыты бойынша рейстерді іске қосты, ал FlyArystan Ақтау-Үрімжі, Алматы-Сиань және Алматы-Чунцин бағыттары бойынша ұша бастады. Бұл жаңа бағыттар бірінші тоқсанда іске қосылған Алматы-Шанхай рейсінен кейін, сондай-ақ Қытайдағы бұрынғы бағыттар бойынша рейстер жиілігінің артуымен қатар жүзеге асырылды. Сонымен қатар Air Astana Алматы-Дели бағыты бойынша рейстер санын тәулігіне екі рейске дейін көбейтіп, Мумбайға аптасына үш рейс орындауды жалғастырды. Нәтижесінде Үндістан бағытындағы ASK көрсеткіші екінші тоқсанда 91%-ға өсті.

Еуропа мен Түркия бағыттарында Air Astana Алматы-Лондон рейстерінің жиілігін аптасына төрт рейске дейін арттырды. Сонымен қатар Алматы, Астана және Орал қалаларынан Франкфуртқа аптасына жалпы 11 рейс орындады. Ыстанбұл бағыты бойынша Алматы, Астана және Атыраудан аптасына 25 рейске дейін орындалды, оның ішінде Алматыдан күніне екі рейс жүзеге асырылды. 2026 жылғы жазғы бағдарлама аясында Ларнака мен Даламанға жаңа рейстер ашылып, Подгорица, Батуми, Бодрум, Дананг және Нячанг бағыттары бойынша маусымдық рейстер қайта жандандырылды.

2026 жылдың екінші тоқсанында FlyArystan халықаралық маршруттық желісін одан әрі кеңейтіп, Алматы мен Астанадан Газипаша–Аланияға, сондай-ақ Астана мен Ақтаудан Батумиге жаңа рейстерді ашып, халықаралық желісін одан әрі кеңейтті. Қосымша ұшулардың арқасында Орталық Азия мен Кавказ бағыттарында да әуебайланыс нығайтылды. Атап айтқанда, Алматы-Ташкент бағыты бойынша тәулігіне үш рейс, ал Алматы-Тбилиси бағыты бойынша тәулігіне екі рейс орындала жүргізіледі.

Air Astana мен FlyArystan-ның бірін-бірі толықтыратын маршруттық желілерін дамыту жолаушылар үшін тікелей қатынайтын бағыттардың санын көбейтіп қана қоймай, Алматы және Астанадағы Топтың хабтары арқылы транзиттік байланыстарды да күшейтті. Нәтижесінде екінші тоқсанда транзиттік жолаушылар ағыны 82%-ға өсіп, «жаңа норма» Топтың бизнес-моделінің жоғары бейімделгіштігін тағы бір мәрте көрсетті.

Әуе паркі

Топтың әуе паркін 2030 жылға қарай 86 әуе кемесіне дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Оның ішінде 54 әуе кемесі Air Astana брендіне, ал 32-сі FlyArystan брендіне тиесілі болады. Әуе паркі Airbus A320 тобының 83 ұшағынан және үш Boeing 787-9 ұшағынан құралады. Алғашқы Boeing 787-9 ұшағын жеткізу 2026 жылдың соңына жоспарланған. Болашақта бұл ұшақтар қолданыстағы Boeing 767 әуе кемелерінің орнын басады.

2030 жылдан кейінгі кезеңге арналған икемді тапсырыстар портфелі қосымша 50-ге дейін Airbus A320 тобының ұшағын және 2031–2035 жылдар аралығында жеткізілетін қосымша 15-ке дейін Boeing 787-9 ұшағын қамтиды. Топтың әуе паркін дамыту жоспары ұзақ мерзімді өсу стратегиясын қолдауға және

жолаушыларға ұшу кезінде барынша жоғары деңгейдегі жайлылық пен қызмет көрсету сапасын ұсынуға бағытталған.

Pratt & Whitney қозғалтқыштарына қатысты мәселелерді еңсеру және қосымша UER жағдайлары

Air Astana әуе паркінің басым бөлігін Pratt & Whitney PW1100G қозғалтқыштарымен жабдықталған Airbus A320 тобының ұшақтары құрайды. 2023 жылғы шілдеде жарияланғандай, ұнтақ метал және ұзақ қызмет ету мерзімі шектеулі бөлшектердің беріктігіне қатысты мәселелер бұл қозғалтқыштарға әсер етуді жалғастыруда. Соның салдарынан қозғалтқыштар жеделдетілген тексерулер мен жөндеуге мерзімінен бұрын жіберіледі, бұл бүкіл авиация саласында әуе кемелерінің уақытша пайдаланудан шығарылуына алып келуде. Топ операциялық кезеңнің ең жоғары жүктемесі кезінде әуе паркінің қолжетімділігін барынша қамтамасыз ету мақсатында бекітілген іс-қимыл жоспарын жүйелі түрде жүзеге асыруды жалғастыруда.

2026 жылдың бірінші жартысында Топ әуе паркінің қолжетімділігін сақтау және Pratt & Whitney қозғалтқыштарына қатысты мәселелердің операциялық әсерін азайту мақсатында қосымша 11 қозғалтқышты қамтамасыз етті. Бұдан да маңыздысы, биыл қозғалтқыштарды жөндеуге қабылдау көлемінің айтарлықтай артқаны, жөндеу мерзімдерінің қысқарғаны және жаңа жоғары қысымды турбина қалақшаларының пайдалану мерзімінің ұзарғаны байқалды. 2025 қаржы жылында жөндеуге 11 қозғалтқыш жіберілсе, 2026 жылы бұл көрсеткіш үш еседен астамға өседі деп күтілуде. Сонымен қатар 2027 жылға арналған қосымша жөндеу орындары расталды және қосымша қуаттарға сұраныс берілді. Осы оң өзгерістердің нәтижесінде пайдаланудан уақытша шығарылған әуе кемелерінің саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 60%-ға төмен. Компания 2027 жылғы жазғы жоғары маусымда жерде тұрған (AOG) бірде-бір әуе кемесі болмайды деп күтуде.

2026 жылдың екінші тоқсаны бұл ұзаққа созылған мәселе бойынша жағдайдың айқын жақсарғанын ғана емес, оның өткізу сыйымдылығына әсерінің бетбұрыс кезеңіне өткенін де көрсетті. Осыған байланысты компания жақын арада бұл фактордың бірлік шығындарға әсері төмендейді деп сеніммен қарауда.

Қызмет көрсету сапасы

Air Astana өзінің премиумдық орнын мен ұзақ мерзімді өсу стратегиясын қолдау мақсатында борттағы өнім мен жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жетілдіруге инвестиция салуды жалғастыруда. Екінші тоқсанның қорытындысы бойынша рейстердің уақытылы орындалу көрсеткіші (OTP) 5,9 пайыздық тармаққа өсіп, 87,6%-ды құрады. Бұл үрдіс шілдеде де сақталды: ай сайынғы OTP +9,2 пайыздық тармаққа өсіп, 85,5%-ға жетті. Сонымен қатар, маусым айындағы NPS 3 пайыздық тармаққа өсіп, 53-ке жетті және шілдеде де өсу үстінде.

Осы тоқсанда Air Astana спутниктік байланыс операторы SES компаниясымен негізгі жобалық шешімдерді қарау кезеңін сәтті аяқтады. Бұл A321LR әуе кемелері паркіне Wi-Fi жабдықтарын орнату жобасын келесі кезеңге шығаруға мүмкіндік береді және жолаушылардың іскерлік те, туристік те сапарлар кезіндегі борттағы қызмет көрсету сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған.

Наурыз мерекесіне орай басталған Sandyq мейрамханасымен ынтымақтастық маусымдық кезеңнен кейін де жалғасын тапты. Бұл бастама Air Astana-ның Қазақстанның ұлттық болмысы мен мәдени мұрасын борттағы тамақтандыру және жолаушыларға ұсынылатын қызмет көрсету арқылы халықаралық деңгейде насихаттайтын әуе компаниясы ретіндегі рөлін одан әрі нығайтады.

Жолаушыларға қызмет көрсету сапасын үздіксіз жетілдіруге және 7 000 қызметкердің еңбегіне берілген жоғары бағаның нәтижесінде Air Astana алтыншы жыл қатарынан APEX Five-Star Major Airline мәртебесіне ие болды. Сондай-ақ 2025 жылы APEX нұсқасы бойынша Орталық және Оңтүстік Азиядағы үздік әуе компаниясы деп танылды. Топтың қызмет көрсету сапасын жетілдіруге бағытталған жұмысы Skytrax World Airline Awards 2025 халықаралық марапаты аясында да жоғары бағаланды. Air Astana он төртінші жыл қатарынан «Орталық Азия және ТМД-дағы үздік әуе компаниясы» атағын иеленіп, тоғызыншы рет «Орталық Азия және ТМД-дағы үздік қызмет көрсету персоналы» аталымында марапатталды. FlyArystan өз кезегінде үшінші жыл қатарынан «Орталық Азия және ТМД-дағы үздік лоукостер» атағына ие болды.

ESG

Air Astana тұрақты дамуды сыртқы сын-қатерлерге ден қою құралы ретінде емес, компанияның ұзақ мерзімді дамуының маңызды бағыты ретінде қарастырады. Компания өңірде тұрақты авиациялық отын (SAF) нарығын дамытуға үлесін жалғастырып, елдегі SAF нарығының қалыптасуына қарай жеткізу мүмкіндіктері мен стратегиялық серіктестік бағыттарын бағалауда.

Осы мақсатта жақында халықаралық отын жеткізушісімен тұрақты авиациялық отынды жеткізу туралы ұзақ мерзімді келісімге қол қойылды. Бұл тұрақты авиациялық отынмен сенімді қамтамасыз етуге және компанияның экологиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді. SAF пайдалануды Еуропадағы рейстерден бастау жоспарланып отыр, кейіннен бұл тәжірибе Air Astana-ның Азиядағы басқа бағыттарына да кезең-кезеңімен енгізілетін болады.

Заманауи әуе паркі мен жоспарланған жаңа ұшақтардың жеткізілуі Air Astana-ға ең жоғары отын тиімділігіне ие қозғалтқыштарды пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект негізіндегі талдау құралдарының көмегімен отын шығыны дәл оңтайландырылып, жолаушылар тасымалының қоршаған ортаға әсерін барынша азайту көзделуде. Air Astana халықаралық логистикамен байланысты Scope 3 санатындағы шығарындыларды азайтуға қосқан үлесі үшін Қазақстанда алғаш болып DHL GoGreen Plus сертификатымен марапатталды.

Конференц-қоңырау

Компания басшылығы бүгін, 2026 жылғы 5 тамызда Ұлыбритания уақытымен сағат 10:00-де (Қазақстан уақытымен 14:00-де) веб-презентация өткізіп, тікелей эфирде сұрақтарға жауап береді. 2026 жылдың екінші тоқсаны мен алғашқы жартыжылдық нәтижелері бойынша презентация және веб-трансляцияның жазбасы компанияның <https://ir.airastana.com> ресми сайтында жарияланады.

Қатысушылар конференц-қоңырауға төмендегі сілтемелер арқылы қосыла алады:

Қазақ тілінде: [Air Astana 2026 ж. екінші тоқсан мен алты айдың нәтижелері](#)

Ағылшын тілінде: [Air Astana Q2 and H1 2026 Webcast](#)

Орыс тілінде: [Air Astana Результатов за второй квартал и первое полугодие 2026 года](#)

2026 жылдың алғашқы алты айына арналған IFRS бойынша қаржылық есептілік компанияның <https://ir.airastana.com> веб-сайтындағы «Қаржылық есептілік» бөлімінде қолжетімді.

Қосымша ақпарат алу үшін:

Air Astana тобы

Инвесторлармен байланыс бөлімі

investor.relations@airastana.com

Саймон Рэй (Инвесторлармен байланыс бөлімінің басшысы)

Корпоративтік Коммуникациялар

media@airastana.com

FTI Consulting (Қаржылық БАҚ үшін)

airastana@fticonsulting.com

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 63 әуе кемесінен тұратын әуе паркін басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Парсы шығанағы, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын он төрт мәрте иеленді және қатарынан тоғыз рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan үш рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар,

Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.

Ескеру

Осы құжат «Эйр Астана» Акционерлік Қоғам («Компания») тарапынан дайындалған және Компания мен оның еншілес ұйымына («Топ») қатысты. Бұл құжаттағы ақпаратқа («Ақпарат») төмендегідей шарттар қолданылады.

Аталған Ақпарат Компанияны немесе Топты, сондай-ақ олардың операциялық нәтижелері мен қаржылық жағдайын толық, нақты және жан-жақты бағалауға қажетті барлық деректерді қамтиды деп есептелмеуі тиіс. Бұл Ақпарат Компанияның немесе Топтың кез келген басқа мүшесінің бағалы қағаздарына қатысты қандай да бір ұсыныс немесе инвестициялық кеңес болып табылмайды. Осы Ақпаратпен танысу арқылы сіз: (i) жоғарыда аталған шектеулерді қабылдайтыныңызға келісесіз; (ii) осы ескертудің мазмұнын оқып, түсініп, оның талаптарын сақтауға келісетініңізді растайсыз.

Компания немесе оның тиісті еншілес ұйымдары, сондай-ақ олардың директорлары, лауазымды тұлғалары, шектеусіз жауапты серіктестері, қызметкерлері, агенттері, кеңесшілері мен консультанттары («Өкілдер») немесе басқа да кез келген тұлғалар осы Ақпараттың немесе онда келтірілген пікірлер мен мәлімдемелердің әділеттілігіне, дұрыстығына, толықтығына немесе нақтылығына қатысты қандай да бір тікелей немесе жанама нысанда ұсыныс, кепілдік немесе міндеттеме бермейді және берілген деп есептелмеуі тиіс. Сондай-ақ, Компанияға немесе Топқа қатысты қандай да бір мәлімдемелерге сүйенуге болмайды, оның ішінде (бірақ олармен шектелмей) инвестициялық шешімдер қабылдау мақсатында. Компания, оның Өкілдері немесе басқа да кез келген тұлға ешқандай жағдайларда, азаматтық құқық бұзушылық, шарт немесе өзге де негіздер бойынша, осы Ақпаратты пайдалану салдарынан туындаған кез келген залал, шығын немесе келтірілген зиян үшін жауап бермейді және мұндай жауапкершілікті мойнына алмайды. Сонымен қатар, бұл құжат бухгалтерлік, заңгерлік немесе салықтық кеңес беру мақсатында ұсынылмайды және қандай да бір мәміле бойынша ұсыныс ретінде қарастырылмауы тиіс.

Бұл Ақпаратта Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес ұсынылмаған кейбір қаржылық көрсеткіштер қамтылған. Топ бұл ХҚЕС-ке сәйкес емес көрсеткіштерді ХҚЕС шеңберіндегі қаржылық ақпаратты толықтыру мақсатында қолданады. Аталған көрсеткіштер ХҚЕС бойынша анықталмаған және оларға сәйкес ұсынылмайды. ХҚЕС-ке сәйкес емес бұл көрсеткіштер Топтың операциялық нәтижелерін өлшеудің ресми тәсілі болып табылмайды және ХҚЕС шеңберіндегі қаржылық тиімділік пен өтімділікті өлшейтін көрсеткіштердің орнына немесе баламасы ретінде қарастырылмауы тиіс. Сонымен қатар, бұл Ақпаратта аудит жүргізілмеген және жүргізілмейтін Топтың ішкі есептілігі мен басқарушылық есептік деректері негізінде дайындалған кейбір қаржылық ақпараттар қамтылған. Аталған ХҚЕС-ке сәйкес емес көрсеткіштер мен өзге де ақпараттар Топтың өткен кезеңдердегі операциялық нәтижелерін міндетті түрде бейнелемейді және болашақ нәтижелерді болжауға арналмаған. Бұл көрсеткіштер мен ақпараттар басқа компаниялар ұқсас немесе бірдей атаулармен қолданатын көрсеткіштермен салыстыруға келмеуі мүмкін. Осыған байланысты, ХҚЕС-ке сәйкес емес бұл көрсеткіштер мен өзге де ақпаратқа артық сенім арту ұсынылмайды.

Бұл Ақпаратта қамтылған салалық болжамдарға қатысты кез келген нарықтық деректер, қажет болған жағдайда, ішкі сауалнамалар, бағалаулар, есептер мен зерттеулерге, сондай-ақ сыртқы нарықтық зерттеулерге, ашық көздерден алынған ақпаратқа және салалық жарияланымдарға сүйене отырып алынған. Топ немесе оның Өкілдері мұндай нарықтық деректер мен салалық болжамдардың дәлдігіне тәуелсіз тексеру жүргізбеген және оларға қатысты ешқандай кепілдік немесе мәлімдеме бермейді. Мұндай деректер мен болжамдар тек ақпараттық мақсатта енгізілген. Сонымен қатар, осы Ақпаратта келтірілген салалық, нарықтық және бәсекелестік жағдайға қатысты деректер Топтың өз ішкі зерттеулері мен бағалауларына негізделген болуы мүмкін. Бұл зерттеулер мен бағалаулар Топ қызмет атқаратын нарықтардағы басшылықтың білімі мен тәжірибесіне сүйенеді. Топ мұндай ақпаратты адал ниетпен шынайы және сенімді деп есептегенімен, олардың негізіндегі әдіснамалар мен болжамдар ешбір тәуелсіз дереккөз арқылы толық немесе нақты екендігіне тексерілген жоқ және олар өзгеруі мүмкін. Топ нарықтық ақпарат пен деректерді жинау, талдау немесе есептеу үшін өзге әдістерді қолданатын үшінші тараптар дәл сондай нәтижелерге қол жеткізетініне кепілдік бермейді. Сонымен қатар, Топтың бәсекелестері Топтың және өздерінің нарықтарын Топтан өзгеше анықтауы мүмкін. Осыған байланысты, бұл Ақпаратта келтірілген салалық, нарықтық немесе бәсекелестік жағдайға қатысты деректерге артық сенім артпауыңызды ұсынамыз.

Бұл Ақпаратта болашаққа қатысты болжамды мәлімдемелер қамтылған. Тарихи фактілерге қатысты мәлімдемелерден өзге барлық мәлімдемелер болжамды болып табылады. Болжамды мәлімдемелер Топтың қазіргі қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, жоспарларына, мақсаттарына, болашақтағы көрсеткіштері мен бизнесіне қатысты күтулері мен болжауларын

білдіреді. Мұндай мәлімдемелерге, шектеусіз түрде, келесі сөздер мен сөз тіркестерімен басталатын, аяқталатын немесе оларды қамтитын кез келген мәлімдемелер жатуы мүмкін: «мақсат», «сенеді», «күтеді», «ұмтылады», «ниеттенеді», «мүмкін», «болжауы мүмкін», «бағалайды», «жоспарлайды», «жобалайды», «болады», «ықтимал», «қажет», «болар еді», «қол жеткізуі мүмкін» және осыған ұқсас мағынадағы басқа сөздер мен олардың теріс формалары. Мұндай болжамды мәлімдемелерге Топтың бақылауынан тыс, белгілі және белгісіз тәуекелдер, белгісіздіктер және өзге де маңызды факторлар әсер етуі мүмкін, бұл нақты нәтижелердің, көрсеткіштердің немесе жетістіктердің күтілген нәтижелерден айтарлықтай айырмашылығы болуына алып келуі ықтимал. Аталған болжамды мәлімдемелер Топтың қазіргі және болашақтағы бизнес стратегиялары мен алдағы уақытта жұмыс істейтін нарықтық ортаға қатысты көптеген жорамалдарға негізделген. Бұл Ақпараттың немесе ондағы пікірлердің әділеттілігіне, дәлдігіне, толықтығына немесе дұрыстығына қатысты ешқандай кепілдік, мәлімдеме немесе міндеттеме берілмейді және ондай мәлімдемелерге сенуге болмайды.

Бұл Ақпарат тәуелсіз түрде тексерілмеген және болашақта жаңартылмайды. Ақпарат, соның ішінде болжамды мәлімдемелермен шектелмей, осы құжаттың жарияланған күніне ғана қатысты және болашақ нәтижелерге қатысты қандай да бір кепілдік беруге арналмаған. Заң талаптарынан басқа жағдайларды қоспағанда, Топ бұл Ақпаратты, оның ішінде кез келген қаржылық деректерді немесе болжамды мәлімдемелерді жаңарту немесе түзету бойынша қандай да бір міндеттемелерден немесе жауапкершіліктен ашық түрде бас тартады. Сондай-ақ, Топ өз болжамдарына, болжамды мәлімдемелер негізделген оқиғаларға, жағдайларға немесе мән-жайларға қатысты қандай да бір өзгерістер орын алған жағдайда да, осы құжаттың жарияланған күнінен кейін туындайтын кез келген оқиғаларға байланысты Ақпаратты қайта қарап, жариялау жөнінде ешқандай міндеттеме алмайды.